



Жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын түрлерінің, жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлерінің, жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлерінің тізбелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі N 258 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 11 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6223 болып енгізілді.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бекітілсін:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес, жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын түрлерінің тізімі;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлері;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес, жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлері;

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми түрде жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Күрішбаев

**Жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа)
пайдаланылатын түрлерінің
тізбелері**

№ р/с	Жануарлардың түрлері
1. Сүт қоректілер:	
1.	Шұбар мысық немесе дала мысығы
2.	Қарақас
2. Құстар:	
1.	Кішкене, қара мойын, қызыл мойын, сұржак, үлкен сұқсыр, үлкен сукұзғын, үлкен көлбұқа, бақылдақ құтан, көкқұтан және сары құтан
2.	Үлкен аққұтан
3.	Маусымқұс, кошқылқанат және алтынжон татрең, шүрілдек, шаушүрілдек, моңғол шүрілдегі, сарысағак шүрілдек, шығыс шүрілдегі, теңіз шүрілдегі, алқалы татрең, тасшырған, сутартар, тартар, кішкене тартар, титтей тартар, қызылқасқа сутартар, дала қарақасы, қарала балшықшы, бұлыңғыр, фифи, үлкен балшықшы, шөпілдек, тәкілдек балшықшы, бұлақшы, мамырқұс, қайқытұмсық балшықшы, ақжал қалтқы, ақтамақ қалтқы, құмғақша, қызылмойын құмдауық, ұзынсаусақ құмдауық, аққұйрық құмдауық, қызылбауыр құмдауық, қаратөс құмдауық, сүйірқұйрық құмдауық, құмқұс, тұнбашы, шалғын және дала қарақасы, сакиналы түркептер, сарыжағал қараторғай, сарытұмсық шауқарға, қараторғай, пайыз торғай, қызылтелпекті құнақ, көкқарға, бозторғайлар (айдарлы, теңбілтөс, ұзынтұмсық, сұр, сор, дала бозторғайы, қараалқалы, аққанат, қара, құлақты), орман бозторғайы, егіс бозторғайы, шауторғай, қызылтұмсық шауқарға, алабажақ сайрауық
4.	Қаршыға
5.	Қырғи, маубас жапалақ, байғыз, жүнбалақ байғыз, құлақты жапалақ, саз жапалағы, жамансары
3. Бауырымен жорғалаушылар:	
1.	Орта Азия тасбақасы, саз тасбақасы
2.	Ешкімер, бат-бат кесіртке, жұмырбас құм кесіртке, сығыркөз
3.	Бозша жылан
4.	Өрнекті қарашұбар жылан, шығыс және құм жыланы
5.	Көлбақа
4. Балықтар:	
1.	Орыс бекіресі
2.	Пілмай
3.	Парсы бекіресі
4.	Шоқыр
5.	Қортпа
6.	Микижа
7.	Сұр дөңмаңдай
8.	Ақ амур
9.	Сазан, тұқы
10.	Ақ дөңмаңдай

11.	Сырдария тасбекіресі
12.	Жолақ үкішабақтектес
13.	Ташкент үкішабақтектес
14.	Үкішабақ
15.	Жетісу гольяны
16.	Көл гольяны
17.	Кәдімгі гольян
18.	Балқаш гольяны
19.	Теңбіл кекіре
20.	Кәдімгі кекіре
21.	Қытай кекіресі
22.	Шырма балық
23.	Оңтүстік кішкентай шаншар балығы
24.	Тоғызтікенекті шаншар балығы
25.	Теңіз тебені
26.	Хольбрук гамбузиясы
27.	Жолақ үкішабақтектес
28.	Ташкент үкішабақтектес
29.	Медака
5. Омыртқасыз су жануарлары:	
1.	Артемия
2.	Дафниялар
3.	Сүліктер
4.	Гаммарус
5.	Басқа да су омыртқасыздары

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы министрінің
 2010 жылғы 11 мамырдағы
 № 258 бұйрығына 2-қосымша

**Жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ
 экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлерінің
 тізбелері**

№ р/с	Жануарлардың түрлері
1.	Сирек кездесетін және жоғалып кету қаупі бар жануарлардың түрлері
2.	Балқаш алабұғасы – Балқаш - Алакөл бассейнінің эндемигі

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы министрінің
 2010 жылғы 11 мамырдағы
 № 258 бұйрығына 3-қосымша

**Жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй
 жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау, ауыл
 шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны
 реттелуге тиіс түрлерінің тізбесі**

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 09.10.2020 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Жануарлардың түрлері
1. Сүтқоректілер:	
1.	Қасқыр
2.	Шибөрі
2. Құстар:	
1.	Қарға
2.	Үлкен сукұзғын
3. Балықтар:	
1.	Балқаш қара балығы
2.	Кәдімгі қара балық
3.	Қабыршақты көкбас
4.	Қабыршақсыз көкбас
5.	Қушакевич талма балығы (салпыерін)
6.	Северцов талма балығы
7.	Терс талма балығы
8.	Тибет талма балығы
9.	Сұр талма балығы
10.	Біртүсті талма балық
11.	Тенбіл талма балығы
12.	Сібір шырма балығы
13.	Кәдімгі шырма балық
14.	Арал шырма балығы
15.	Алдыңғы азиялық шырма балығы
16.	Каспий шырма балығы
17.	Каспий атеринасы
18.	Қазақ қарақшысы
19.	Бэр қарақшысы
20.	Тікенекті қарақшы
21.	Түйіршікті қарақшы
22.	Гримм қарақшысы
23.	Кесслер қарақшысы
24.	Жіңішкебасты қарақшы
25.	Жіңішкетұмсықты қарақшы
26.	Каспий қарақшысы
27.	Азов қарақшысы
28.	Махмудбеков қарақшысы
29.	Тікенекті қарақшы
30.	Жұлдызша қарақшысы
31.	Световидов қарақшысы

32.	Каспиосома бұзаубас балығы
33.	Берг бұзаубас балығы
34.	Бубырь бұзаубас балығы
35.	Ильин бұзаубас балығы
36.	Книповичтің ұзынқұйрықты бұзаубас балығы
37.	Қарашұбар бұзаубас балығы
38.	Тереңдік бұзаубас балығы
39.	Хвалын бұзаубас балығы
40.	Каспий құмдауыт бұзаубас балығы
41.	Қуғыншы бұзаубас балығы
42.	Каспий - үлкенбасты бұзаубас балығы
43.	Жұмыр бұзаубас балығы
44.	Ратан бұзаубас балығы
45.	Шырман бұзаубас балығы
46.	Мыжырайған бұзаубас балығы
47.	Қытай бұзаубас балығы
48.	Қытай шырма балығы
49.	Медака
50.	Амур үшеріні
51.	Қытай элеотрисі
52.	Көпқабыршақты анабарилиус
53.	Сібір теңге балығы
54.	Кәдімгі теңге балық
55.	Кәдімгі қырлықұрсак
56.	Қара тыран
57.	Қытай шабағы
58.	Қарадақты кекіре
59.	Кәдімгі кекіре
60.	Қытай кекіресі
61.	Балқаш гольяны
62.	Мұртты талма балығы
63.	Сібір талма балығы
64.	Өзен абботинасы